

Жекешелендіру объектілерін ұзартылған мерзімге сату тәртібі жөніндегі Ереже

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 24 мамырдағы N 206 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 23 қыркүйекте N 203 тіркелді. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Мәтінінде сөздер ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1997.08.04. N 386 қаулысымен .

Жекешелендіру объектілерін ұзартылған мерзімге сатуды жүйелендіру және сұранысы аз мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру процесін жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жекешелендіру объектілерін ұзартылған мерзімге сату тәртібі жөніндегі ұсынылған Ереже бекітілсін.

2. Әлеуметтік инфрақұрылымдар объектілерін жекешелендіру басқармасы осы Ереже жөніндегі мәліметтерді аумақтық комитеттерге жеткізсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1996 жылдың 5 наурызындағы N 82 "Жекешелендіру объектілерін ұзартылған мерзімге сату Тәртібін бекіту туралы" қаулысының күші жойылған деп танылсын (Қазақстан Республикасының Заң Министрлігінде 1996 жылдың 18 сәуірінде тіркелген. Тір. N 167).

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Төраға орынбасарлары Т.С.Сарабекова мен Ю.Е.Дуберманға жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Жекешелендіру жөніндегі

мемлекеттік комитеті

**Жекешелендіру объектілерін ұзартылған мерзімге
сату тәртібі жөніндегі**

Е р е ж е

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 23 желтоқсандағы N 2721 Заң күші бар Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету Бағдарламасына сәйкес жасалған және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 13 желтоқсанындағы N 2680 Жарлығымен бекітілген және

